



Мәліш Шәріпқызы

КЕШІКІ САМАЛ



**Мәпіш Шәріпқызы**

**Кешкі самал**

**Қараганды  
«Азия Транзит»  
акпарат үйі  
2005**

ББК 84Қаз7

Ш-34

Ш-34                    Шәріпқызы М.  
Кешкі самал. Қарағанды: АУ «Азия Транзит»  
2005 жыл, 320 бет.  
ISBN 9965-9403-1-2

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту ісінің үздігі Мәпіш Шәріпқызының бұл жинағында бүкіл саналы өмірін жастар тәрбиесіне арнаған үстаздың өмірден өзі түйсінген, көрген жайттар толғандырады. Адамдар арасындағы санқылы мінез-қызықтар, достық, жолдастық, жағымпаздық, екіжүзділік сияқты қарама-қайшылықты өрнектейді. Сол сияқты тұған елге, жерге сағыныш, ата-ана құдіретіне бас ию, замана өзгерістері, оның қоғамға, адамдарға еткен өсері, жастар мәселесі т.б. тақырыптарға ой тербейді. Мұның бәрі жеке өлеңдерде өмір шындығынан ауытқымай суреттеледі.

Сонымен қатар кітапта өлең-жырлардан басқа әнгіме, мақала, естелік түріндегі прозалық шығармаларға да орын берілген.

Поэзия, прозалық шығармаларда автор тілі көркем, сөз қолдануы, ой желісі оқырманың жетелеп, қызықтырып отырады. Өмірден көргені оймен өрнектеледі.

ББК 84Қаз7

Ш 4702250201  
00(05)-05

ISBN 9965-9403-1-2

*Менің еңбегімнің кітап болып шығуна демеуші болған «Валют-Транзит» банк тобының Президенті **Андрей Андреевич Беляев** пен «Валют-Транзит» банк тобы Директорлар кеңесінің Төраіймы **Әлия Балташқызы Элкеева-Беляева**га зор алғысымды айтамын!*

*Дендері сау, жұмыстары табысты, отбасыларының бақытты болуына тілектеспін.*

***Мәніш Шәріпқызы***

Экем Шәріптің,  
анам Қадишаның  
рухына арнадым

*Асықтырма, уақыт, асықтырма,  
Бір шомылып алайын аппақ нүрга.  
Дала таңын сағындым, дала нұрын,  
Карыншашым алғашқы қалған қырда.*

## Жыр-Әрнек





## АҚШИ

Тұған жерім Ақши дейтін көкорай,  
Түсте көрем шақырады қол бұлғай.  
"Қарағым" - деп құшақ жайған аталар,  
Көрінбейді, қайда кеткен, ойпыр-ай!

Ақши атын аппақ шиге арнаған,  
Бала едік біз ши жағалап ойнаған.  
Біздің ауыл қалың шидің мекені,  
Желкілдеген шашақты үкі тағынған.

Кермек сұың балдай болып жағатын,  
Өрісінде мал бағусыз жататын.  
Бейғам еді ауыл іші алансыз,  
Бір-бірінен мұқтаждарын табатын.

Кілтсіз еді жабылмайтын есігі,  
Жас отаудың бос болмайтын бесігі.  
Шақырмай-ақ қонақ болып қадірлі,  
Ақсақалға асылатын түстігі.

Ақын-әнші келсе ауылға мереке,  
Молшылық ед, асы-сұы береке.  
Әр ауылдың қонысы бар жайланаң,  
Қазақ жері көпке әйгілі кең өлке.

Сол ауылдың босқа жатыр даласы,  
Жоқтық қуып қанғып кетті баласы.  
Арық қойдай ере алмаған отарға,  
Күлдірірады бүгінгі ауыл бағасы.

Ауыл жайы күйзелтеді талайды,  
Кылмыскерлер өз ауылын тонайды.  
Зандары көп, қағазда бар істе жок,  
Басшылардың ішкен асы,  
Қалай бойға тарайды?



## **АҚШИİM - АУЫЛЫМ**

Ақшиім, менің Ақшиім,  
Көнілімде тұрсың сол күйің.  
Шақырғандай өзіне,  
Жазықта өскен көп шиін.

Бұлғақтап басы үкідей,  
Тұрушы еді жел тербеп.  
Аралап шиді жүргендей,  
Билейді мені ой тербеп.

Кіндік қаным тамған жер,  
Қаз тұрып табан басқан жер.  
Даласын аңсап сағынар,  
Ауылда туып өскендер.

Ақшиім, менің Ақшиім,  
Қындау бүгін жай-күйің.  
Қолымнан келсе берер ем,  
Тұрмыстың керек бар сыйын.

Бақытты етіп ауылымды,  
Жайнатсам жазық даламды.  
Күшсізбін мен де өзіндей,  
Кінәлай көрме баланды.

\* \* \*

Өлеңнен шен де шекпен кигенім жоқ,  
Жазғаннан жаза алмаған ойымда көп.  
Әкемнің атын хатқа түсірдім деп,  
Әйтеуір ол да болса көнілге тоқ.

Өлеңді патша деген ұлы Абай,  
Патшаға қол жеткізу емес оңай.  
Елендеп сұлу сөздер ойынды арбап,  
Өрнек сал ақ қағазға деп тұрғандай.

Сыр ашып сырласамын оңашада,  
Керіссем тұспейді ешкім арашаға.  
Әйтеуір кете алмайды қол қаламнан,  
Әурелеп шаршатса да амал қанша.

Беретін осы өлеңнің үлесі не,  
Иірсем тұседі асық бүгे-шіге,  
Тұспесе алшысынан бұйырғаны,  
Қаламды тастамаймын күресінге.

## ЕЛДЕ ТУДЫМ

Елде тудым, елде өстім, қыр қызымын,  
Балалық-ай, санаушы ек түн жұлдызын.  
Қаз тұрғанда табаным саған тиген,  
Таңдайымнан кетпейді дәмі-тұзын.

Соғыс кезі ед, ел іші қайғы мен зар,  
Кезең емес ол бір шақ айтып мақтар.  
Сағынасын сонда да сол бір кезді,  
Балалықтың ұмыттылмас қызығы бар.

Кекіл шаштар желкілдеп жүгірдік біз,  
Елемедік өтсе де табаннан сыз.  
Жаңбыр жауса жалдадық суды кешіп,  
Қысты күні ақ сұнгі жалайтынбыз.

Шиден қуыршақ жасадық әдемілеп,  
Тіккен көйлек келіспей болдық әлек.  
Ана болып қуыршақты әлдилейміз,  
Не түйсінді, ғажап-ай, сәби жүрек.

Қоға тарттық өзеннен суды бойлап,  
Мәз боламыз сиыр жүні доппен ойнап.  
Кешке жақын жиналып шылдаймыз,  
Тығылмақты қызықтап көзді байлап.

Егін басы анызда масақ тердік,  
Қасқыр, тұлқі, борсықты сонда көрдік.  
Ирендеген жыланмен қорқытатын,  
Қияңқы ұлдар жыланнан тағып белдік.

Алтыбақан құратын қыз бен жігіт,  
Бірін-бірі қолқалап айтып үгіт.  
Алдына алып біреуі тепкізсе деп,  
Біз тұрамыз телміріп көзді тігіп.

Жетті уақыт жігіттер кетті ауылдан,  
Көбі қайтып келмеді қан майданнан.  
Тіршілігі ауылдың тоқтамады,  
Көмек күтті 10 жасар жас баладан.

Таннан ерте тұрғызыды жұмысқа деп,  
- Өгізді әкел, жетекте соқаға жек.  
Соқа ұстаған қарттардың қолқанаты,  
Жас балалар сүйеніш болды тірек.

Ауыл азып-тозбады кері кетіп,  
Жылап жүріп алатын өлеңдетіп.  
Жас баласы ауылдың сол кездегі,  
Орнын басты үлкеннің тез ержетіп.

Балалығым - ауылым сағынышым,  
Сенде тұрған сияқты бар ырысым.  
Ауыл жүдеп жастары сандалуда,  
Шымыр-шымыр етеді жүрек тұсым.

\* \* \*

Жып-жылы үяғой әке үйі,  
Табиғат сыйлаған зор сыйы.  
Талай жыл өтсе де арада,  
Суымай тұр әлі сол күйі.

Орны бар сол үйдің ауылда,  
Жер болып кетіпті,  
Қар суы, жауында,  
Барамын асығып, көрем деп,  
Есік жоқ ашылар болса да.

Орны бар сол үйдің ауылда,  
Төгілген күлі жоқ, өзі жоқ.  
Балалық пәк сезім күшін-ай,  
Сонда да сағынып,  
Барам деп іздейді көніл көп.

## **САҒЫНДЫМ АНАМДЫ**

Мұнданса көнілің,  
Қара көз мәлдірер.  
Мәп-мәлдір моншақтар,  
Тамшы боп төгілер.

Сағындым Анажан,  
Қараймын жолынды.  
Бейнетпен тотыққан,  
Сүйер ем қолынды.

Жалғызын төрт бұрыш,  
Жауапсыз телмірер.  
Сағынған үнімді,  
Саған кім жеткізер.

**1951 ж.**

## **БАЯНЫМ**

Баян сұлу кербез ғой ақ маралдай,  
Жарыса өскен тасына тал, қарағай.  
Баян таулар мәпелеп аясында,  
Көк торғындай шалқиды көл Жасыбай.

Құз басында ақша бұлт қонақтайды,  
Күн аймалап шың төсін құшақтайды.  
Дамыл таппай қызығыш құс шыр айналыш,  
Жасыбайдың балығын қарақтайды.

Шебер адам құйғандай қара тасын,  
Небір ғажап мұсінге таң қаласын.  
Жолбарыстай жоталы кейбір тастар,  
Күнге беріп жатады қыр арқасын.

Жасыл желең ақ қайың жамылғаны,  
Гүл мен жиเดк көмкерген сай саланы.  
Салқын самал, ыстық күн, мөлдір көлі,  
Жібек желі ақырын аймалайды.

Мақтанышы Баянның Мәшһүр бабам,  
Ұмытылмас өтсе де қанша заман.  
Озып туған қатардан Сұлтанмахмұт,  
Әділ билер болыпты Шоң мен Шорман.

Жері дарқан Баянның елі қандай,  
Жаны жайсан, береке пейілі бай.  
Қаныш, Әлкей, Қалижан, Шалық, Диқан,  
Көпке әйгілі есімі енбегі сай.

Бауыры құтты Баяным атың әсем,  
Күміс күлкі кетпесін көл үстінен.  
Ақын, әнші, ғалымдар туда берсін,  
Ақ қайындар өскендей тау төсінен.



## ӘКЕМ САЛҒАН ЖЕР ҮЙІМ

Мен туыптын әкем салған жер үйде,  
Қандай ыстық сол бір үй көнілге,  
Қолым созсам төбесіне жететін,  
Мұнарадай елестейді көзіме.

Ұзын пешпен ортасынан бөлінген,  
Бала ойыны кетпеуші еді төрінен.  
Қоңыр есік түйіп тастап тұратын,  
Кейбіреуді еңкеймесе ерінген.

Кішкене әйнек күн шығысқа қарайтын,  
Сынғандарын әкем өзі жамайтын.  
Күн сөулесі қабыргада ойнаса,  
Ұстаймын деп бауырларым қармайтын.

Үй төбесі қамыс еді жабылған,  
Тамшы ағатын қар суы мен жаңбырдан.  
Аузын ашып ауыр жүкті көтеріп,  
Тұрушы еді жұмыр аша қағылған.

Сондай жайда өтіп еді балалық,  
Бал дәуренім ұмытылмай тұр анық.  
Есіме алсам әкем салған жер үйді,  
Ыстық сезім лыш етеді оянып.

Бала шағым, әкем салған жер үйім,  
Ол екеуі жіп бойында бір түйін.  
Балалықты қой деп айтып балама,  
Сағынамын өзім соның әр күнін.

## **АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗЫМ (Тақу Рахимов)**

Ұстаздың атын ұлылық дейді тағы да,  
Жауқасын гүлді өсіріп берер бағбан ба?  
Төзімі мықты, шаршамайды, тынбайды,  
Ұстаздың ісі - жалғасып жатар жалғанда.

Жалғасып жатыр, үзілмейді арқауы,  
Сондықтан да үрпаққа үміт артады.  
Жинайды білім беру үшін басқаға,  
Ұстаз осы - адамның жомарт дарқаны.

Есімде менің ең алғашқы ұстазым,  
Хас шебер екен, нағыз өзі ұстаның.  
Оқытып еді Ақшидің барлық баласын,  
Біле ме екен соншама үлес қосқанын.

Есімі - Тақу, "Мұғалім" дейді ауылымыз,  
Сыйлайды ауыл, үлкен-кіші қалтқысыз.  
Тіп-тік бойы, жып-жылы жүзі баяры,  
Білмегенге тоқсан жасы нанғысыз.

Әр кеудеде тұтатқан оның шырағы,  
Үйретіп бала, білімнен сәуле құйған-ды.  
Мектебің мен балалығың жарасып,  
Ұстаз есім сағыныш болып тұрады.

## **КІРЛЕТПЕЙ БАССА ІЗІНДІ**

Қадірлім иманды бол, ата-анам,  
Шығарса, жақсы атымды - деген балам.  
Атынды қара жағып кірлемедім,  
Әйгілеп көпке айтуға жарамадым.

Артында үрпағың бар өсіп жатқан,  
Тамырын бәйтерексің кең таратқан.  
Кең пейіл, жаны жомарт, әділ әкем,  
Байыпты сабырлы еді туған анам.

"Жиренше" атанышты әкем Шәріп,  
Болған жоқ оқымысты білмеді өріп.  
Қара сөз, қара өлеңнің жүйрігі еді,  
Шығатын кезі келсе топты жарыш.

Қадиша - анам аты, аппақ анам,  
Өмірге қосты үлесін - жеті адам.  
Алтауы отыз үйлі ауыл болды,  
Бұл сенің пейілің шығар тарылмаған.

Ата-Анам сағынамын өздерінді,  
Еске алам әрбір айтқан сөздерінді.  
Шәріптің үрпақтары деген ұл-қызы,  
Кірлетпей басса екен іздерінді.

## БІР ҮЙС ТОПЫРАҚ

Анамды көрем түсімде,  
Қарайды мейірім көзімен,  
Күшағына мені алмайды.  
Жылұын бірақ сезінем.

Жалғыз отыр Анам мұңайып,  
Ауылдың шеті бір үйде.  
Көзімен сұрап тұргандай,  
Менсіз әкең не күйде?

40 жыл бірге өткізген,  
Жұптарын жазбай ата-анам,  
Екі үйде бәлек жүреді,  
Түсіме мынау таңқалам.

Болжай алмай әуремін,  
Шешпедім түстің жүйесін.  
Қайталап кірді жан Анам,  
Дейтіндей ойлан білесің.

Шеш деп сырын түсіннің,  
Соғады жүрек кеудемде.  
Топырақ солай бұйырды,  
Әкем мен шешем екі елде.

Бір шешімге тоқтадым,  
Жолға шықтым асыға.  
Дұға оқып топырақ алуға,  
Анамның келдім басына.

Рұқсат ет, жан Ана,  
бір уыс топырақ алайын,  
Анамның жатқан жері деп,  
Қабіріне әке салайын.

Туған жердің қойнында,  
Мәңгілік орны әкемнің.  
Анамнан алдым топырак,  
Әкеме табыс етемін.

Әкемнен алыш топырак,  
Анамның жайдым үстінен.  
Әкеңнен бөлек қалдым деп,  
Хабар бердің түсімнен.

Қосылғанда топырак,  
Тәтті сезім биледі.  
Тап-таза болыш ашылды,  
Көнілімнің көйлегі.

Оқыдым дүға қол жайыш,  
Ахиретте бірге бол.  
Жалғаннаның жолы қып-қысқа,  
Ахирет жолы - мәңгі жол.

## **БОЗТОРГАЙ**

Балапаның торғайдың,  
Алақанға қондырдым.  
Анасына деймін мен,  
Неге мұнша тондырдың?

Тамақ ізден кеттім деп,  
Ақталады бозторгай.  
Дүрсілдейді жүрегі,  
Дірілдейді қорқа ма?  
Бозторғайды жүр қорғай.  
Балапансың сен дағы  
Білесің бе, балақай.



## **ОЙЛАНШЫ, ЕСІҢЕ АЛЫП БАЛА КЕЗДІ**

Қазақтың бар кезде де тұрмысы ауыр;  
Екі аяқ, екі қолы болған жауыр.  
Қажымас қара нардай ата-баба,  
Бәріне шүкірлік деп еткен сабыр.

Майыспай емен-ағаш ата-ана,  
Өсірді үрпақтарын болды пана.  
Айналып толғанады әр баласын,  
Туғалы көргендей-ақ жаңа ғана.

Кей-кейде отырасың, ойланасың,  
Өлшейің көз бен көңіл екі арасын.  
Әлдилеп әлпештеген үл мен қыздар,  
Жетімдей шеттетеді ата-анасын.

Ойланшы, есіңе алыш бала кезді,  
Тайдырма, тура қара екі көзді.  
Ұйықтатып сені үйде қайран әке,  
Мал бағып малмен бірге дала кезді.

Тәуірін жапырақтап піскен еттін,  
Алдыңа жайып қойып әперетін.  
Тамақтың бар дәмдісін саған тосыш  
Төсектен анаң сені көтеретін.

Кимеді сенен бұрын жаңа киім,  
Көтеріп жүрмейтіндей өзін де иін.  
Әке жас, шеше де жас болсадағы,  
Бейнеттен жаза алмады сұңғақ бойын.